

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 6-18-6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 сәуірде № 4692 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Күшін жойды деп танылсын:

1) Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 5 тамыздағы № 4-18-3 "Айыртау ауданында кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тізілімінде № 13-3-106 тіркелген, "Айыртау таңы" және "Айыртауские зори" газеттерінде 2009 жылғы 4 қыркүйекте жарияланған);

2) Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 7 наурыздағы № 5-2-6 "Айыртау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 5 тамыздағы " Айыртау ауданында кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы № 4-18-3" шешіміне өзгеріс енгізу туралы шешімі" (№ 13-3-156 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, " Айыртау таңы" және "Айыртауские зори" газеттерінде 2012 жылғы 26 сәуірде жарияланған).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық
мәслихатының XVIII
сессиясының төрағасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық
мәслихатының хатшысы*

А.Бәйтенов

Б.Жанахметов